



**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары
жөніндегі комитет**

(Комитет)

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

20 ____ жылғы _____

от _____ 20 ____ года

№ _____

**Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы
Парламенттің I сессиясының ашылуында берілген тапсырмаларды
орындау шеңберінде адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы
тиімді құқықтық тетіктерді құру мәселелері жөніндегі отырысының
қорытындылары бойынша комитеттің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Астана қ.

23 мамыр 2023 ж.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті (бұдан әрі – Комитет), отырыста қатысушылардың ақпараттары тыңдалып, талқылағаннан кейін, мынадай қорытындыға келді.

Құлдыққа (сол сияқты адам саудасына) тыйым салу халықаралық құқықтың императивті нормасы болып табылады, ол қанау мақсатындағы адам саудасын ешбір жағдайда ақтау мүмкін еместігін және кез-келген мемлекет оны жою және болдырмау үшін абсолютті шаралар қабылдауы керек екенін анықтайды.

Мемлекетіміздің құқықтық саясатында адам саудасына қарсы күрес мәселелеріне айрықша көңіл бөлінеді. Қазақстан Конституциясында әркімнің жеке бас бостандығына, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылығына, еркін жүріп-тұру құқығына, еңбек бостандығына құқықтық тұрғыда кепілдік береді.

Қазақстан 2008 жылдан бері БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясының, сондай-ақ Палермо хаттамасының қатысушысы болып табылады, ол мемлекеттің осындай фактілерді тиімді тергеу жөніндегі міндеттерін айқындайтын негізгі халықаралық құжат болып

табылады. Сондай-ақ Қазақстан кез келген адамды адам саудасынан және еңбек қанауынан қорғау кепілдіктерін белгілейтін бірқатар халықаралық шарттарды ратификациялады.

Адам саудасы әлемдегі қару-жарак пен есірткі саудасынан кейін қылмыстық табысы бойынша үшінші орынды алады. БҰҰ-ның деректері бойынша әлемдегі құрбандардың 70%-нан астамын қыздар мен әйелдерді, ал барлық құрбандардың үштен бірін балаларды құрайды.

Құқық қорғау органдарының ресми статистикасы адам саудасы санатындағы сотқа дейінгі істерді тіркеудегі орташа «100» санын көрсетеді. Үкіметтік емес ұйымдардың деректері бойынша құрбандардың жыл сайын 200-ге жуығы адам саудасының құрбаны болады.

Қазіргі таңда Үкімет Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауларында адам саудасына қарсы күрестің тиімді тетіктерін енгізу туралы берген тапсырмасын орындау бойынша жұмыс жүргізілуде. Бірінші кезекте Парламент Мәжілісінде қаралуда жатқан «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» арнайы заңды әзірлеу болып табылады.

Комитет Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында айтылған тапсырмаларын орындау шеңберінде адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тиімді құқықтық тетіктерді құру мәселелері бойынша отырыстың қорытындыларын ескере отырып, осы саладағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған тиісті шараларды іске асыру мақсатында **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ МЫНАЛАРДЫ ҰСЫНАДЫ:**

- адам саудасына қарсы іс-қимыл саясатындағы құрбандардың қажеттіліктері мен мүдделерінің құқық үстемдігін қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен қылмыстармен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мониторингін қоса алғанда, адам саудасы туралы деректерді жинауды қамтамасыз ету және тұрақты түрде ұлттық баяндаманы әзірлеу мақсатында қолданыстағы институттардың базасында ұлттық үйлестіруші және тәуелсіз ұлттық баяндамашы институтын немесе осыған ұқсас тетікті құру мәселесін қарау;

- әрбір тартылған құрылымның функциялары мен құзыреттерін бекіту, бірлесіп жұмыс істеу үшін жеткілікті қаржы ресурстарын бөлу, үйлестіру мен өзара іс-қимылдың нақты рәсімдерінің болуы және орындаудың тұрақты мониторингі арқылы мемлекеттік құрылымдардың, азаматтық қоғамның және бизнес-қоғамдастықтың ведомствоаралық өзара іс-қимылы мен әріптестігін тиімді дамытуға ықпал ету;

- адам саудасына байланысты қылмыстардың алдын алуға және осындай қылмыстардың құрбандарын оңалтуға бағытталған алдын алу шараларының тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- адам саудасына қарсы іс-қимыл және оның құрбандарын қорғау мәселелерінде, оның ішінде елдегі оқу орындарында халықтың құқықтық және цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- қылмыстық заңнама нормаларын халықаралық стандарттардың ережелеріне сәйкес келтіру, атап айтқанда, адам саудасының құрбандарын тиімді сәйкестендіруді және олардың сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында «адам саудасы» ұғымын айқындау;

- халықтың осал топтарымен және болашақ жұмыс берушілермен және адам саудасының жәбірленушілерімен жұмыс жасау жөніндегі мобильді топтардың пилоттық жобаларын кеңінен енгізуді қамтамасыз ету;

- адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық актілердің халықаралық шарттарға сәйкестігіне үздіксіз мониторинг жүргізу.

Орындау туралы ақпарат 2023 жылғы 1 қазанға дейін жіберілсін.

Комитет төрағасы

А.ЛУКИН